

Үкімет пен әкім

ҚЫЗЫЛОРДА
ЖҮЗ ПАЙЫЗ ДАЙЫН

Осы аптаның сейсенбісінде Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жылыту маусымына дайындық барысы қаралды. Жиында баяндама жасаған Энергетика министрі Ерлан Аққуженовтің баяндауынша Павлодар облысында жылу беру маусымы басталды. Осы аптаның соңына дейін Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында жылу беру жоспарланып отыр. Қалған солтүстік және шығыс өңірлерде жылыту маусымы 1 қазанға дейін басталады.

Жалпы барлық өңірде жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Павлодар облыстарында жұмыстар толық аяқталған. Энергия көздерінде жылу беру маусымын бастауға қажетті отын қоры мен жабдықтар дайын.

Ал Семей, Степногорск және Петропавл қалаларында дайындық жұмыстары әлі де толық аяқталмаған.

Үкіметтің осы жиынына облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қатысты. Аймақта жауапты кезеңге дайындық бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 5,5 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға 8,7 шақырым жылу желісін жаңғырту, 1 газтурбиналық қояндырғынш күрделі жөндеу, 1,3 шақырым жылу желісін, 1 қазандық, 1 турбина және 10 автономдық қазандықты, негізгі және қосалқы қондырғыларды жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Қазір гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге алдағы жауапты маусымда тұрғындар жаңа жылу-электр орталығының 4 қазандығы арқылы жылумен қамтамасыз етіледі.

Жалпы 7,6 млрд. теңгеге 460 шақырым электр желілері мен 134 қосалқы станция жөндеуден өтті.

Аймақтағы 1 074 әлеуметтік нысан 100 пайыз дайын. Бүгінде энергетикалық және әлеуметтік нысандардың дайындық паспорты алынып жатыр. Қажетті көмір қоры 80 мың тонна, тұрғындарға 68 мың тонна, әлеуметтік нысандарға 12 мың тонна керек. Өңірлік операторлар көмір қорын жасақтауды бекітілген кестеге сәйкес жүргізуде.

“ШАЛҚИЯҒА” КЕЛЕР МЕ ЕКЕН?

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың халықаралық тау-кен өндіруші “Zijin Mining Group” компаниясының өкілдерімен кездесуінен осы компания “Шалқияға” да келмес пе екен деп үміттеніп қалдық.

Ресми ақпарат бойынша “Zijin Mining Group” әлемдегі ірі тау-кен өндіруші компаниялардың қатарына кіреді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша компания 1,09 млн. тонна мыс өндіріп, әлемдік өндірушілер арасында 4-ші орынға ие болды, алтын өндіру көлемі 90 тоннаны құрады. Компания мыс қоры бойынша әлемде 3-ші орында, алтын мен мыс ресурстары бойынша 5-ші орында, мырыш бойынша 6-шы орында, литий бойынша 7-ші орында.

Қазақстанда “Zijin Mining Group” Ақмола облысындағы «Райгордоок» кен орнында жұмыс істейді. Жаңа алтын өндіру фабрикасының құрылысына салынатын тікелей инвестициялар көлемі \$600 млн-нан асады. Жоба жылына 10 млн. тонна кен өңдеу қуатын құрып, тау-кен байыту кешенінде жалпы қуатын 16 млн тоннаға дейін арттыруды көздейді.

Компания Қызылорда облысындағы «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнына да қызығушылық білдіріп, жобаға ықтимал қатысу мүмкіндігін нақты пысықтауға дайын екенін жеткізді.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ӘДІЛЕТТІ МЕ?

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясында берген тапсырмаларын орындау мәселелері талқыланған кеңес өткізді. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Облыс әкімі Үкімет жиынынан кейін аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктеді:

Әлеуметтік көмек алушылардың нақты қажеттілігін анықтауды тұрақты жалғастыру. Әлеуметтік кодекске енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу; Есту аппараты

мен аудиопроцессорларды уақытылы қаржыландыру және сатып алу, бұл бағытта «Қазақстан халқына» қорымен әріптестікті күшейту; Білім беру ұйымдарындағы тамақ сапасын бақылауды күшейту, ата-аналар, медицина мамандарының қатысуымен құрылған комиссиялардың жұмысын жүйелеу; Әлеуметтік өмиян» ақпараттық жүйесі арқылы мониторингті күшейту; Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен бірлесіп, білім беру ұйымдарындағы тамақ сапасын кешенді тексеру; Білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік пен материалдық-техникалық базаның жай-күйін, білім сапасын тұрақты назарда ұстау; Экологиялық

мәдениетті қалыптастыру бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту; Салынып жатқан нысандар мен тұрғын үйлердің сапасын бақылау, құрылыстың белгіленген мерзімде аяқталып, уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз ету; «ҚазАвтоЖол» мекемесімен бірлесіп, жол құрылысының сапасы мен мерзімін бақылау; Қала кеңістігін дамытуға заманауи тәсілдерді енгізу және қаланың бірыңғай сәулеттік келбетін қалыптастыратын дизайн-код әзірлеу; Астана қаласының урбанистика саласындағы тәжірибесін өңірде қолдануға қатысты бір апта ішінде нақты ұсыныстар әзірлеу міндеттелді.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР
БҰРЫНҒЫДАЙ БЕТІМЕН ЖҮРЕ АЛМАЙДЫ...

"АДАМНЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖОЛ ҮСТІНДЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ"

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қаралған Үкімет жиынында Үкімет басшысы О.Бектенов осылай деді. Жиында баяндама жасаған Көлік министрі Н.Сауранбаевтың айтуынша **республикалық жолдарда көлік оқиғалары осы жылы азайды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жол-көлік оқиғалары 10%-ға, қаза болғандар саны 14%-ға, зардап шеккендер 11%-ға төмендеді.**

Жол апатының негізгі факторларының 35%-ы жылдамдықты асыру, 12%-ы ара-

қашықтықты сақтамау, 11%-ы көлікті басқара алмау, 8%-ы қарсы жолға шығу екен.

Қазір техникалық байқау орталықтарының жауапкершілігі күшейді. Енді оларға жұмыс бастау үшін арнайы рұқсат алу керек. Айыппұл 30-дан 100 АЕК-ке дейін өсті. Техникалық байқауды тек қағаз жүзінде жасағандардың жұмысы 3 жылға дейін тоқтатылады. Осылайша, қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін көліктерді пайдалануға жол берілмейді. Сонымен қатар жолаушылар тасымалы тәртіпке

келтіріліп жатыр. Ішкі істер министрлігімен және Яндекс, inDrive-пен бірігіп, рөлі оң жақтағы 70 мыңға жуық көлік тасымалдау процесінен шығарылған.

Қауіпсіздікті одан әрі күшейту үшін келесі өзгерістер де әзірленуде екен.

- рөлі оң жақтан солға ауыстырылған көліктерді такси ретінде қолдануға тыйым салу;
- тасымалға жауапты агрегаторлардың жауапкершілігін арттыру.
- жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін арттыру.

Үкімет басшысының айтуынша жүргізушілер белгіленген ережелрді, нормаларды және жол үстіндегі мінез-құлық мәдениетін сақтамайды. Көлік жүргізушілері тиісті ережелер мен талаптарға және жол қозғалысы мәдениетіне немқұрайлы қарайды. Қоғамдық көлікке арналған жолақпен жүретін, қос тұтас сызықты кесіп өтіп, қарсы бағытқа шығып кететін, сондай-ақ жылдамдықты шамадан тыс асыратын жауапсыз жүргізушілер де бар. Мұндай фактілерге міндетті түрде тосқауыл қойып, тиісті шаралар қабылдау қажет.

2-бетте



Шындығында да солай... Біздің дәуір екінің бірі ақын кез... Содан да біз үшін ақын деген беймәлім бір әлем емес. Дегенмен ақынның көреген болғанын көрмеппіз, әлде ақындардың көрегенін Шаһизадаға дейін көрмеген екенбіз.

Өткен аптаның сенбісінде Қызылордадағы “Өнер” орталығында өткен сары шайыр, “Поэзия Өлемінің Гладиаторы” деген айдары бар Шаһизаданың мерейтойлық шығармашылық кешінде осындай ой түйдік. Сол кеште қырғыз халқының халық ақыны Шаһизаданың өлеңдерін қырғыз тілінде оқып жатқанда, қазақтың белгілі ақыны Ғалым Жайлыбай қазақтың тағы бір белгілі ақыны Ұлықбек Есдәулетовтің аманатымен бүкіл түрік елдері ақын-жазушыларының Алтын медалін Шаһизаданың кеудесіне тағып жатқанда, осылай ойлады. Өлеңдері қырғыз, татар, түрік тілдеріне аударылып, түрік әлеміне кеңінен таралып жатқаны расында да көп ақында кездесе бермейтін Шаһизада ақынның көрегенді қасиеті емес пе? Немесе Шаһизада ақындығы жойқын жырларымен түрік елдерін жайлап барады екен ғой...

Қазақтың тағы бір белгілі ақыны, кеш қонағы Қазбек Иса да осындай сезімде болды-ау. Өзінің құттықтау сөзінде “Шаһизада Алматының аңызы еді, енді Алаштың Абызы болды. Бұған дейін поэзия әлемінде дүлей еді, сөйтсем жыр сүлейі екен” – деді.

Жұрт осы кеште Шаһизада ақынға облыс әкімінің көлік мінгізгенін көп айтып жүр, бір досының бөлен миллион тұратын тұлпар сыйлағаны да ел аузында. Бәрінен бұрын жан-жақтағы, елдегі елден сырт жақтағы өнерсүйер қауым Шаһизадаға жағалай алтын медаль тағып, кеудесін жарқыратты. “Өнер” орталығы толы жырсуйем қауым Шаһизаданың әрбір оқыған өлеңіне зор қошемет білдіріп, ақынның шабытына шабыт қосты. Содан болды ма кешке бөлінген 2 сағат уақыт кеш иесі Шаһизадаға да, Шаһизаданың өзгеше өлеңдерін оның өз оқуында тыңдаған жырсуйер қауымға да азық етті. Әр оқыған өлеңнен соң, зор шабыт алып, жер тарпыған Шаһизада шынын айтқанда “Өнердің” кең сахнасына сыймады. Жиналған қауым да құмары қанбай тарады...

Поэзия әлемінде де, өмірде де артынан сөз ертпей, алдынан жан шығармай, желпініп жүріп жетпіске жеткен Шаһизада жетпісін байқамай қалды деуге келмейді, байқағаны да болар осы мерейтойына бағыттап, бір емес, бірнеше кітап шығарды. Аймағының экологиясына, қолайсыз ауа райына, тірлігінің көптігіне (Шаһизаданың өлең жазудан бөлек, өмір сүруге бейім көп ісі бар), бала-шағаның қамына, соңғы кездері сыр беріп жүрген денсаулығына да қарамастан осы кезге тек жеткенім жоқ деп жеті кітапқа жүк боларлық өлең жырын айналаға таратты. Шаһизада ақын ширақ та жан. Шығармашылық кеш үстінде өлеңімен қосып өзін де жақсы көретін өлеңсүйер қауым алдында қырғыз, қазақтың көп жұрт шырақпен іздеп жүріп таппайтын белгілі ақындарына кітаптарының тұсауын кескізді.

Ия, жетпіске келген Шаһизада әлі жер тарпып тұр. Өлең, өмір додасындағы кез-келген аламан бәйгенді шаппай алып берем дейді...

Ресми ақпарат:

Қызылордадағы «Өнер орталығында» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен ақын, қаламгер, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Шаһизада Әбдікәрімовтің 70 жасқа толуына арналған «Поэзия гладиаторы» атты шығармашылық кеш өтті. Оған Құрылтай депутаты Серік Қожаниязов, Шахмардан Байманов, Нұркен Бақытбекұлы, Ирина Тен, Мағжан Ералиев, Қырғызстаннан және еліміздің өңірлерінен келген қопақтар, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Кеш ақынның шығармашылық жолы мен телевизия саласындағы еңбегін қамтыған бейне-роликпен басталды.

Аймақ басшысы құттықтау сөзінде Шаһизада Өтетілеуұлының ұйымдастырушылық қабілетімен ұштасқан парасатын, отандық тележурналистиканың дамуына қосқан өлшеусіз үлесін атап өтті.

– Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Байқоңыр қалалық «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, ғарыш айлағында тұңғыш ана тілімізде жарық көрген «Ақжол» газетінің негізін қалады. Сол кезеңде Байқоңырдан қажетті жабдықтарды жеткізіп, өз қолымен іретасын қалаған «Қоғам ТВ» телеарнасы бүгінде Сыр жұртшылығының сүйікті арнасына айналды. Шаһизада Өтетілеуұлы қай кезеңде де қоғамшыл бағытынан айнымайтын ақын ретінде туған жерінің рухын асқақтатып, халқына қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Мерейтой иесіне Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың арнайы құттықтауы, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі табысталды. Иығына шапан жабылып, темір тұлпардың кілті берілді.

Жиында ардагер Сәби Аңсат, ақын, аудармашы, Байбота Серікбай, ақын, мемлекет қайраткері Қазыбек Иса, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбай, Қырғыз Республикасының мәдениет қайраткері Қарбалас Бакиров, ақын Бүркіт Базарбаев және аудармашы Махаббат Молдалиева сөз сөйледі.

Ақынның өзі сахнаға шығып, әр жылдары жазылған жырларын оқыды. Бұл өлеңдерде қоғамдағы сан алуан тақырып қамтылған. Адам болмысы, тіршілік түйткілдері, туған жер туралы көркем кестеленген өлеңдер жырсуйер қауымның ықпалына беленді.

Сондай-ақ мерейтой иесінің сөзіне жазылған әндер орындалды. Сырдың жас ақындары да поэзия кешіне келген көрерменге өз өлеңдерін ұсынды.

4-5-беттерде

Үкімет пен әкім

ЖҮРГІЗУШІЛЕР БҰРЫНҒЫДАЙ БЕТІМЕН ЖҮРЕ АЛМАЙДЫ...

Сондай-ақ жол ережелерін қасақана бұзушыларға қатысты тәсілдерді қайта қарау керек. Мұндай адамдарға айыппұл төлеу кезінде жеңілдіктер берілмеуі тиіс. Керісінше, бұзушылықтар санына қарай айыппұл мөлшерін еселеп арттыру қажет. Ішкі істер министрлігі көптеген елдерде тиімді қолданылып жүрген балдық жүйені енгізу тәжірибесін зерделеп, оны елімізде іске қосуы тиіс.

Жол қауіпсіздігіндегі осындай келеңсіз тұстарға тоқталған Бектенов тиісті орын-дарға бірқатар тапсырма берді.

Жан түршігерлік апаттардың басым бөлігі елді мекендерден тыс трассаларда болады. Автомобиль жолдарының көпшілігі ескі стандарттар бойынша салынған. Олар екі жолақты, ені шамамен 7 метрді құрайды. Көптеген учаскелерде тиісті жол инфрақұрылымы жоқ. Жүргізушілер сапасыз жолдарға, жарықтың нашарлығына және навигация мәселелеріне шағымданады. Бұл жол қауіпсіздігі деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Анықталған ақауларды жою жұмыстарының қарқыны баяу, уақытылы жөнделмейді.

Содан да Бектенов Көлік министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, елді мекендерден тыс автожолдардың қолданыстағы жол-көлік инфрақұрылымын жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар жол үстінде жануарларды қағып кету – өзекті мәселелердің бірі. Жыл басынан бері осындай 200-ден астам жағдай тіркелген. Әкімдіктерге жол маңында мал жаю мәселесі бойынша мал иелерімен жұмысты жүйейтуді тапсырды.

Жол-көлік оқиғаларының негізгі бөлігі елді мекендерде орын алады. Айта кету керек, кейбір жол апаттарына көлік жүргізушілерінің ұялы телефондарды пайдалануы себеп болады. Осыған байланысты жолдардағы автоматтандырылған жүйелер көлік жүргізу кезінде телефон пайдалану фактілерін барынша анықтауға бағытталуы тиіс. Жалпы, Ішкі істер министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, орнатылған барлық камералардың жұмыс істеп тұрғанын тексеруі қажет.

Жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі мәселелері де бар. Жолды белгіленбеген жерден кесіп

өтетін адамдарға қатысты жауапкершілікті қатандату қажеттігі атап өтілді. Сонымен қатар реттелмейтін жаяу жүргіншілер өтетін жерлерде көлік жүргізушілерінің кінәсінен болатын жол апаттары да аз емес. Әкімдіктерге осындай учаскелерде бейнетіркеу жүйелерін орнату ауқымын кеңейту тапсырылды. Әсіресе білім беру ұйымдарының маңында кері санау таблосы бар заманауи бағдаршамдарды орнатуды қамтамасыз ету қажет.

Көлік құралын басқаруды жаңадан бастаған жүргізушілер санатына ерекше назар аудару қажет. Көбіне олар жол жағ-дайын және өз мүмкіндіктерін дұрыс баға-ламау, сондай-ақ жол ережелерін сақтамау салдарынан апатқа ұшырап жатады. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігіне көлік жүргізушілерін даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу ұйымдарының қызметін реттеу және үйлестіру жұмыстарын күшейту тапсырылды. Бұл ретте заң бұзушылықтар анықталған жағдайда міндетін адал атқар-маған автомектептерді жалпы тізімнен шығару қажет. Бұл бағыт бойынша министрліктің тиісті өкілеттіктері бар.

Жолаушылар тасымалы ерекше назарда болуға тиіс. Жолаушылардың қауіпсіздігін қам-тамасыз ету бағытында жоспарлы әрі жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бірінші кезекте Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізімін жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын жеке компаниялардың платформаларымен интеграциялау жұмыстарын аяқтау қажет.

Сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде жүргізушілерді іріктеу мәселесі ерекше назарда болуы тиіс. Такси агрегаторлары жұмысқа тек тәжірибелі және жауапкершілігі жоғары адамдарды алуы керек. Жүргізуші куәлігінен айырылған немесе жол ереже-лерін жиі бұзған адамдар такси саласында жұмысқа қабылданбауы тиіс.

Жолаушыларды тасымалдауға арналған көліктің техникалық жай-күйін де ескерген жөн. Такси жүргізушілерінің белгіленген жұмыс уақытынан артық жұмыс істеуіне жол бермеу қажет.

Көлік министрлігіне «Атамекен» пала-тасымен бірлесіп, жекеменшік такси қыз-метін реттеу бойынша қосымша шаралар қабылдауды, сондай-ақ көрсетілетін қызмет-

тердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру тапсырылды. Мұның барлығы нормативтік құжаттарда нақты реттелуі тиіс. Ішкі істер министрлігі заңсыз тасымалдаушыларды анықтауға бағытталған іс-шараларды тұрақты негізде жүргізуі қажет.

Тапсырмалардың орындалуын бақылау мен үйлестіру Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа жүктелді.

Облыс әкімі М.Ергешбаев Үкімет оты-рысында көтерілген жол қауіпсіздігі мәсе-лелеріне орай жауапты сала басшыларына бірқатар нақты тапсырма берді.

Аймақ басшысы автомобиль жолдары мен көшелерге жол белгілерін орнатуды, тозығы жеткен жол белгілерін жаңартуды тапсырды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодөлізі бойындағы елді мекендер тұрғындарына малды қараусыз жібермеуді түсіндіру жұмыстарын жандандыру қажет.

Облыстық полиция департаментіне авто-мобиль жолдарындағы авариялық қауіпті учаскелерді анықтауға, жол қозғалысы ере-желерінің сақталуына бағытталған рейдтік іс-шараларды тұрақты өткізу міндеттелді. Сонымен қатар «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыстық филиалына «Қызылорда – Ақтөбе» бағытындағы айналма жол мен «Қызылорда – Сексеуіл» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстарын қадғалау тапсырылды.

Өңірдегі 3525 шақырым автомобиль жолының 1025 шақырымы республикалық, 555 шақырымы облыстық және 1945 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық және аудандық бюджеттерден 40,5 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаражат есебінен 168 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдерінде жөн-деу жүргізілуде. Жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында заманауи бақылау құралдары орнатылып жатыр. Жаяу жүргіншілер қатыс-қан жол-көлік оқиғалары талданып, қауіпті учаскелерге 15 «Stopcar» құрылғысы қойылды.

Аудандарда 539 бейнебақылау камерасы мен 49 жылдамдық өлшегіш іске қосылды. Қызылорда қаласында 1400 бейнебақылау камерасы, 80 зияткерлік қиылыс және 96 стационарлық жылдамдық өлшегіш жұмыс істейді.

ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙЫҚ

Табиғатты қорғау – барлық адамзат-тың ең маңызды әрі қажетті міндетте-рінің бірі. Еліміздегі жалпы орман қорының 50% дан астамын сексеуіл ағаштары құрайды. Сексеуіл –құмды шөңділ қорғаны, ол құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуіл ағаш тұқымдас өсімдік. Сексеуілдің жас өскіндері түйгее, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екінші жағы-нан сусын. Сексеуіл шөңдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жакқандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуілдің қоршаған орта-ның тепе –теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлейі сокқан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорған-ыш ететін жан – жануарлармен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағы-лары кнкітерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. «Кармакшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орманшылары мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі ағаштар мен бұталардың өсуін, заңсыз ағаш кесудін (сексеуіл, жыңғыл, қарабарак т.б.) және орман өртте-рінің алдын алу мақсатында күзету, қорғау жұмыстарын атқарула. Сонымен қатар егін егетін шаруа қожалықтары көктемгі, күзгі егістік алқаптар мен су келетін арналарды өртеген кезде өрттің орман –тоғайлы жерлерге жайылып кетпеуін қадағалайды. Орман -тоғайлы жерлердегі өсімдіктер мен ағаш-бұталар өрттен аман болса, табиғатымыз көркейіп, ондағы мекендейтін жабайы аң-құстарға қорған болады. Ауданымыздың әрбір азаматы айналасындағы табиғаттың мәңгілік сұлулығын өзі үшін, келешек ұрпақ үшін қорғауға міндетті.

Қаражанов Ерхан «Кармакшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ орман шебері

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп

№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі

№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

МЕН ӨЗГЕРЕМІН!
(Жалмауыздың жаңа ертегісі)

Ерте, ерте, ертеде, адамдар қорқатын бір жалмауыз кемпір болыпты. Ол үнемі орманда тұрып, қасынан өткен балаларды қорқытып, айқайлап, сес көрсетіп жүріпті. Балалар оны көрсе жылап, қашып кететін.

Бірақ бір күні жалмауыз кемпір айнаға қарап тұрып ойға шомыпты: — Мен неге үнемі зұлыммын? Неге бәрі менен қорқады? Менің де досым болғанын қалаймын...

Сол күні ол алғаш рет орманнан шығып, ауылға бет алады. Жолда бір кішкентай бала құлап жылап жатқанын көреді. Бұрынғыдай айқайламай, жанашырлықпен оған көмектесіп, жарасын танып береді. Бала таңғалып:

— Сен жалмауыз емессің бе? – деп сұрайды.

— Бұрын солай едім, енді өзгерге бастағым келеді, – дейді кемпір.

Сол күннен бастап жалмауыз кемпір балалармен ертегі айтып, сурет салып, түрлі ойындар ойнап, олардың досына айналады. Ол туралы бұрынғы қорқынышты аңыздар ұмытылып, енді «Жалмауыз апа» деп еркелетіп атайтын болған.

Ауыл адамдары мен балалар кез келген адам өзгеруге лайық екенін түсініпті. Себебі: жақсылық әр жүректе оянады.

Оналбаев Санжар Б.Шалғынбаев атындағы 217 ІТ мек-теп-лицейінің 35 сынып оқушысы

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2026 жылдың 18 қыркүйегіндегі № 34 - Ө бұйрығына қосымша.

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының 2026 жылдың IV тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау К Е С Т Е С І

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Омаров Серик Серикбаевич	департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00 ге дейін	Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы,16 үй	8 /336 22/ 7-64-11

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622) 7-63-22** нөмірлі **«Сенім телефоны»** күнделікті жұмыс уақытында (8:30-дан 18:00-ге дейін, үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкұл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

Құрылтайдан хабар

“АРАЛ ТЕҢІЗІ” ЖАҢАРДЫ

Мемлекет басшысының теміржол инфрақұрылымын жаңғырту тапсырмасы негізінде Арал қаласындағы теміржол вокзалы қайта жаңғыртылды. Тарихқа көз салсақ, «Арал теңізі» теміржол вокзалының негізі 1905 жылы «Орынбор – Ташкент» теміржол желісінің құрылысы кезінде бой көтерген. Бүгінде заманауи әдіспен жаңартылған жолаушылар бекетіне күніне 600, бір мезетте 224 адамға қызмет көрсетіледі. Мұнда күту залы, арнайы жеделсаты, ана мен бала бөлмесі, медициналық бөлім, жүк сақтау қоймасы қарастырылған. Ресми мәліметтер бойынша аралдықтардың ғана емес, онда табан тірейтін әр жолаушы үшін жөндеу жұмыстары жүргізілген вокзал жұмысына 1,7 млрд. теңге қаржы бөлінген.

Облыс әкімі Мұрат ЕРГЕШБАЕВ:
- «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздегі теміржол вокзалдары жаңартылып жатыр. 2024 жылы Қызылорда теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтіп, оған іргелес аумақ толық абаттандырылды. Жаңақорған, Шиелі, Қазалы және Сексеуіл теміржол вокзалдарындағы, Талап бекетінің жолаушылар платформасындағы жұмыс толық аяқталып, бұл нысандар келушілерге қызмет көрсетуде.

Биыл өңіріміздегі 80 шақырымнан астам теміржол күрделі жөндеуден өтуде. Жалағаш және Тереңзек кенттеріндегі қызмет көрсету пункттері де жаңғыртылып жатыр. Бүгін Төретам, Жосалы теміржол вокзалдарын да ел игілігіне табыстаймыз. Вокзалдарды қайта жаңғырту және күрделі жөндеуге 10 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Жаңа ғимараттардың сапасы, қызмет көрсету деңгейі облыс аумағынан өтетін қонақтар мен туристердің оң бағасын алып, өңіріміз туралы жақсы әсер қалыптастырады деп сенеміз.

Шара барысында вокзалды қайта жаңғырту бағытында жұмыс жасаған

мекеменің жұмысшыларын және жолдағы жолаушыға қолайлы жағдай жасау мақсатында бірнеше жылдар бойы теміржол саласында еңбек еткен мамандарды Мұрат Ергешбаев марапатсыз қалдырмады. Айтпа кету керек, шарада Құрылтай депутаттары Серік Қожаниязов, Нұркен

жолаушыларға барлық мүмкіндіктер қарастырылған жаңа нысанның бой көтергеніне алдымен тұрғындар разы. Осы орайда облыс әкімі мен Құрылтай депутаттары “Жосалы” және “Төретам” теміржол вокзалдарының да ашылу рәсіміне арналған салтанатты шараға қатысты.

отырып, осы теміржолдың ғасырдан астам уақыт бойы талай елді мекен мен талай тағдырды жалғап келе жатқанын ойладық.

Бүгін сол тарихи жолдың бойындағы жаңарған нысандардың куәсі болдық. Арал қаласындағы «Арал теңізі», Қармақшы ауданындағы

«Төретам» және «Жосалы» теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылып, ел игілігіне берілді. 1905 жылы салынған “Арал теңізі” мен “Жосалы” вокзалдары ғасырдан астам тарихы бар нысандар болса, “Төретам” станциясының тарихы Байқоңыр ғарыш айлағының қалыптасу кезеңімен тығыз байланысты.

Жаңғырту барысында вокзалдардың инженерлік жүйелері жаңартылып, қасбеті мен шатырлары ретке келтірілді. Жолаушыларға арналған күту залдары, ана мен бала бөлмелері, медициналық пункттер, жүк

мекендер арасындағы байланысты нығайтып, өңірдің дамуына серпін беретін маңызды қадам болып отыр. Жол жаңарса - қатынас жақсарды. Қатынас жақсарса - елдің әлеуеті артады.

Сыр еліндегі жаңарған вокзалдар халыққа ұзақ жылдар сапалы қызмет етсін! Ел тұрғындарының жолдары ашық, сапарлары сәтті болсын!

Сондай-ақ, Төретамдағы салтанатты жиын барысында депутат Мағжан Ералиев жергілікті тұрғындарды құттықтады. Ол өз сөзінде жаңарған теміржол вокзалында заман талабына тиесілі мүмкіндіктердің барлығы жасалғанын атап өтті.

Құрылтай депутаты Мағжан ЕРАЛИЕВ:

- Сыр еліне сапарымыз барысында Арал қаласындағы «Арал теңізі», сондай-ақ Жосалы және Төретам кенттеріндегі күрделі жөндеуден өткен теміржол вокзалдарымен таныстық.

Ғасырдан астам тарихы бар бұл нысандар толық жаңарып, жолаушыларға қажетті барлық қолайлы жағдай жасалған. Күту залдары ретке келтіріліп, ана мен бала бөлмелері, медициналық пункттер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған орындар қарастырылған.

Теміржол – ел мен елді мекендерді жалғайтын маңызды қатынас жолы. Жаңарған вокзалдар халыққа ұзақ жыл сапалы қызмет етіп, жолаушылардың сапары жайлы болсын!

Айтпа кету керек, Төретам және Жосалы кентіндегі жаңғыртылған вокзалдарда күніне 200-ден аса жолаушыларға қызмет көрсетіледі. Нысандарда ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қасбеттері мен іргетасы қапталып, шатыр жабыны, есік-терезелері жаңартылды. Сонымен қатар электр желілері тартылып, жылу жүйесі орнатылды. Перрон аумағы да абаттандырылып, нысандардың жалпы жағдайы жақсартылды.



Бақытбекұлы, Мағжан Ералиев, Ирина Тен және жергілікті зиялы қауым өкілдері мен тұрғындар төбе көрсетті.

Облыс әкімінің айтуынша, Қызылорда облысындағы 7 теміржол вокзалы, 2 қызмет көрсету пункті және Талап бекетіндегі жолаушылар платформасына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аралдан бөлек, Қармақшы тұрғындары да осындай қуанышты сәттің куәгері болды. Аудандарға тиесілі қақпаның бірі жаңарып,

Жосалыдағы шара барысында сөз алған депутат Нұркен Бақытбекұлы “бұл - жай ғана ғимараттарды жөндеу емес, жолаушыларға қолайлы жағдай жасау арқылы қызмет сапасын арттыру” екенін алға тартты.

Құрылтай депутаты Нұркен БАҚЫТБЕКҰЛЫ:

- Кеше кешкілік елордадан Сыр еліне жетіп, одан әрі пойызбен Арал ауданына жолға шықтық. Терезеден созылған кең даланы тамашалай

сақтау орындары және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қажетті жағдайлар жасалды.

Бұл - жай ғана ғимараттарды жөндеу емес, жолаушыларға қолайлы жағдай жасау арқылы қызмет сапасын арттыру және Сыр өңірінің көлік инфрақұрылымын дамыту.

Қызылорда облысы - тоғыз жолдың торабында орналасқан маңызды аймақ. Сондықтан теміржолдың жаңаруы – елді

ЖАҢА КӨПІР ЕЛ ТАЗАРДЫ САЛЫНАДЫ

Құрылтай депутаттарының сапары барысында кезекті жиын Қызылорда қаласының Сол жағалауында жалғасты. Қарқын алған Қызылорданың сол жағалауында жиналғандағы басты мақсат - Сырдария өзені арқылы өтетін жаңа көпір құрылысының қапсуласын салу. Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың бастамасымен И.Тоқтыбаев көшесінен Сырдария өзені арқылы өтетін жаңа көпір құрылысы бастау алды. Әлбетте, бұл өңірдегі жол-көлік инфрақұрылымын өркендетудегі кезекті жоба болмақ. Бүгінде қала көлемінде осы бағытта 22 жобаның жұмысы жүргізілуде. Алдағы уақытта халық игілігі үшін пайдалануға берілетін көпірдің құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізуге «ВД Строй Инжиниринг» компаниясы жауапты. Жоспарға сәйкес көпірдің ұзындығы 338 метрді және ені 23 метрді құрайды.



Жиын барысында депутат Серік Салауатұлы Сыр бойындағы маңызды бастаманың бірі ретінде сол жағалаумен байланыстыратын жаңа автокөлік көпірі құрылысының басталуын атап өтті. Сонымен бірге бұл көпір тұрғындардың сол жағалауға қатынауын жеңілдетіп, жолын қысқартуға үлкен септігін тигізетінін жеткізді.

- Қызылорда қаласында көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған маңызды жобалардың бірі қолға алынды. Сырдария өзені арқылы қаланың сол жағалауын байланыстыратын жаңа автокөлік көпірінің құрылысы басталды. Жаңа көпір тұрғындардың сол жағалауға қатынауын жеңілдетіп, көлік қозғалысын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоба қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға және тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасауға бағытталған, - деді Құрылтай депутаты Серік Қожаниязов.

Ел Президентінің бастама-сымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы біздің өңір бойынша да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аймақ көлемінде тазалық, көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Облыс тұрғындарының басын біріктіріп, тазалыққа шақырған аймақ басшысы Мұрат Ергешбаев қоршаған ортаны қоқыстан тазартудан бөлек, жұртшылықты табиғатқа деген жауапкершілікті сезініп, экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттігін алға тартты.

Бұл бағыттағы тазалық жұмыстары облыс көлемінде тек арнайы науқан кезеңінде емес, жоспарға сәйкес тұрақты түрде жүргізіледі. Әр саланың мамандары бірігіп, сквер мен парктарды, тарихи-мәдени ескерткіштерді, әлеуметтік, өнеркәсіп пен бизнес нысандарына және көшелерге тазарту жұмыстары ұйымдастырылады.

Аймақ басшысы Мұрат НӘЛҚОЖАҰЛЫ:

- Сыр жұртшылығы жалпыұлттық акцияға алғашқы күннен бастап белсене қатысып, туған өлкеміздің тазалығы мен көркеюіне зор үлес қосып келеді. Жыл басынан бері тазалық шараларына 400 мыңнан астам кәсіпкерлер, коммуналдық сала қызметкерлері, еріктілер мен белсенді жастар қатысты.

Өңіріміздің климатына сәйкес келетін 88 мыңнан астам тал мен көшет егілді.

Тазалық әр үйден, әр ауладан, әрбір елді мекеннен басталады. Сондықтан табиғатты қорғау ісінде мемлекеттік мекемелермен қатар кәсіпкерлердің, қоғамдық ұйымдардың және әрбір тұрғынның белсенділігі маңызды. Бүгінгі акцияда тазалық жұмыстарымен қатар ағаш көшеттерімен егеміз. Баршаңызды туған жеріміздің тазалығы мен көркеюіне үлес қосуға шақырамын!

Туған жердің экономикалық жауалауына тыс экологиялық жағдайды да өркез назарда екенін жеткізген Құрылтай депутаты Ирина Тен сырбойлықтарға қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру қажеттігін де атап өтті.

Құрылтай депутаты Ирина ТЕН:
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: «таза» деген сөздің мағынасы көпқырлы. Бұл - қалаларымызды тазалау, көгалдандыру, көркейту, абаттандыру деген сөз. Сонымен қатар бұл - ниетіміздің тазалығын сақтау, отаншылдығымызды паш ету деген сөз. Осы сөздің астарында үлкен мән бар. «Таза Қазақстан» – өз аулаңа, көшене, туған жеріңе жанашырлықпен қарау. Қоғамдық мүлікті сақтау, табиғатты аялау, өзіңнен кейін тазалықтың ізін қалдыру. Ең бастысы - мұны күнделікті әдетке айналдыру. Тазалықты өзгеден талап етпес бұрын, әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Өйткені

Құрылтай депутаты Нұркен БАҚЫТБЕКҰЛЫ:
- Тазалық сенбілікпен бітпейді. Ол туған жерге деген құрметтен басталады.

Бүгін Дүниежүзілік тазалық күніне орай Қызылордада өткен ауқымды экологиялық акцияға қатыстым.

Бір алаңда мемлекеттік қызметкерлер, депутаттар, ардагерлер, жастар, еріктілер, экобелсенділер мен қарапайым тұрғындар бас қосты. Әрқайсымыздың қолымызға күрек алып, ағаш егіп, айналаны тазалағанымыздың өзі - үлкен ортақ істің көрінісі. Себебі таза қала, таза көше, таза аула - біреудің емес, бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз.

Сыр елінде бұл бағыттағы жұмыс жыл бойы жалғасып келеді. Биыл тазалық шараларына



аула да, көше де, саябақ та, туған жердің табиғаты да - бәрімізге ортақ.

Бүгін Қызылордадағы сенбілікте осы ортақ жауапкершіліктің күшін тағы бір сезіндім.

Таза ел таза ниет пен жауапкершіліктен басталады.

Қала және аудандарды түгел қамтыған акцияға 12000-ға жуық адам қатысып, 1750-ге жуық тал егілді. Олардың қатарында Құрылтайдың өзге де депутаттары бар. Депутат ретіндегі алғашқы сапарларындағы сезімдерімен және «Қайсар Арена» стадионында жаппай сенбілікке қатысты пікірлерімен олар әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы да ой бөлісті.

Құрылтай депутаты Серік ҚОЖАНИЯЗОВ:
- Құрылтай депутаты ретінде туған жерге алғаш рет келгеніме өте қуаныштымын.

Кеше әріптестеріммен бірге Арал қаласы, сондай-ақ Төретам мен Жосалы кенттерінде жаңартылған теміржол вокзалдарының ашылу салтанатына қатыстық. Туған жеріме алғашқы сапарым аясында қызылордалықтармен бірге «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, «Қайсар Арена» стадионы маңына ағаш отырғыздық.

жүздеген мың адам қатысып, мыңдаған тонна қоқыс шығарылып, ондаған мың тал мен көшет егілген. Бұл - халықтың туған жерге деген жанашырлығының нақты көрінісі.

Бір тал отырғызу - болашаққа жасалған кішкентай қадам.

Бір қоқысты жерден көтеру - үлкен мәдениеттің белгісі.

Ал туған жердің тазалығына бейжай қарамау - әр азаматтың парызы.

Құрылтай депутаты Мағжан ЕРАЛИЕВ:

- Сыр еліне жасаған сапарымыз «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясымен жалғасты. Құрылтайдағы әріптестерімізбен, аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаевпен, жастар және қала тұрғындарымен бірге «Қайсар Арена» стадионының маңына ағаш отырғыздық.

Тазалық пен туған жерге жанашырлық әр адамнан басталады. Бүгін отырғызылған әрбір көшет ертен қаламыздың көркіне айналып, кейінгі ұрпаққа сая болсын!

Туған жерімізді таза әрі жасыл ету – бәрімізге ортақ міндет.

Айдана ӘЛИАРЫСТАН



Шаһизада ӘБДІКӘРІМОВ

ЖЕЛІГІП КЕЛІП ЖЕТПІСКЕ, ЖЕР ТАРПЫП ТҰРМЫЗ, А, ҚҰДАЙ!

БІЗ, БІЗ ЕДІК, БІЗ ЕДІК! (толғау)

Көрген де жоқпыз жасқанып,
Көретін қызық, думан көп.
Өмірді енді бастадық,
Өткен күн әлі туған жоқ.

Бармаймыз ескі қыстауға,
Салмаймыз аяқ тұғырға.
Тізгінді тарта ұстауға
Жетеді қалған ғұмыр да!

Алладан түскен аян бар,
Аллаға кеуіл босайды...
Біз жазған өмірбаяндар,
Сізден де ұзақ жасайды.

Мақамы бөлек мол дастан –
Кешірген бастан жайт, аңыз.
Балдағы алтын алдаспан,
Өр тұсқа салып байқаңыз.

Өкініш бар ма өтмішке,
Өрлесе елдің бағы ұдай.
Желігіп келіп жетпіске,
Жер тарпып тұрмыз, а, құдай!

Қалады деп пе ең дүбірден,
Бетімен сүріп көк мұзды.
Жылдар ғой...
жылдам жүгірген,

Жеткізбей кетер деп бізді.

Өрісің жатыр артыңда,
Өмірді бекер сүрмедің,
Баяғы жігіт қалпында,
Балпаңдай басқан дүрлерім!

Өуеге байрақ байлаған,
Өлпетің жылы, әй-әй күз.
(«Қартайып, қайғы ойлаған»,*
Абайды кейде аяймыз.)

Қарагер жалды,
құс тірсек,
Қайратты тағы сынамрыз.
Топырағымыздан тыс жүрсек,
Тоқтамай тартып шығармыз!

Айылды жиям, беу, неден?
Тұтасқан жұртпыз тегі бай!
Даңғырлап тұрған кеудемен,
Дедім-ай,
дедім,
дедім-ай!

**«Қартайдық, қайғы ойладық,
ұлғайды арман» -
Абайдың өлеңі**

ӘЙЕЛДЕР (баллада)

«Шешін, қатын, көрдің бе,
Еркіндік те жалаңаш!»

Олжас Сүлейменов
Жан-жарым, маржаным, мал-жаным,
Тұрсын, саған арнадым.

Сол бір аңыз шықпақ емес есімнен.
Талай мәрте түсіме енген таң алды...
...Ереуіл қол есірген,
Екі ай бойы ала алмады қамалды.

Құрыды әбден сілесі,
Катапульттің «доптарына» жаншылып,
Мойнындағы кресі,
Моласына шаншылып!

Қуаты да, суаты да сарқылып,
Сақсырынан шылқа қаңға толғанда,
Қолбасыңыз,
тауанынан тартынып,
Хабар салды қорғанға.

– Қақпаны ашсын!...
Мен екiнiң бiрi емeн,
Сертте тұрғам сан-дүркін,
Әйел затын аман-есен жіберем,
Көтергенше алып шықсын мал-мүлкін.

Соры сондай қасқаның!
Еркектерге рақым жоқ бірақ та.
Қырғауылдай қырқып тастап бастарын,
Сырғауылға қағып қоям бір апта.

...Еңкейгенде екiндi,
Қарс айырылып қақпа ашылды,
мархабат!

Шықты әйелдер,
«бөрі-бүйі» секiлдi,
Балаларын айналдыра арқалап.

Ал, көріп қал,
жақының бар, жатың бар,
Естісең де – бір қызық.
Шықты тағы...

қамытаяқ қатындар,
Қосақтарын мойнынына мінгізіп.

Құлағына құт қонған,
Қара қазан –
шымырлаған қалпында,
Қазынасы қырық нарға жүк болған
Қала қалып артында,

Келеді олар
бірі қалғып, бірі ояу,
Медет тілеп жер-көктен.
Алтының не,
асылың не, құдай-ау,
Артық па еді бақа басты еркектен.

Отан бәсі,
қотан басы – ол деген,
Одан басқа не дейін?
Отаныңды жауға беріп көлденең,
Ойнап-күліп жүргеніңді көрейін...

Еркек дейтін қара нар,
Ентелемес арзанға...
Шымшықтардай шиқылдаған балалар,
Ши түбінен тауып алған олжаң ба?

Ақ отауға әкелгенде ат басын,
Асығасың, асыласың мойнына.
Жаббар Аллам жесірліктен сақтасын,
Жылан салып жібергендей қойыңа.

Жарым түнде жиылмасын ес мүлде...
Дейсің тағы: - шырағдандай сөнбеймін.
Еркегімді – ертегімді ешкімге
... Бер-мей-мін!...

Ал, көріп қал,
жақының бар, жатың бар,

Ал, көріп қал,
шошымай.
Келе жатыр қамытаяқ қатындар,
Ойға бекіп осылай.

Оқиға-тын бұл өзге,
Бұл оқиға қайда бар?
Қара тасқа көктеп шықты лезде,
Шашасынан шаншып қойған найзалар!

Жасыдың ба жағдайыңды жат біліп,
Топырағың туырылмай?
Қылауына қақ тұрып,
Қылыш қалды қынабынан суырылмай!

Тас жұтқандай тілсіз мынау төңірек,
Тұлғасы екен қай елдің?
...Қолбасыңыз,
ебіл-себіл еңіреп,
Етегіне құлай кетті әйелдің.

–Тізгін ұшы – көз іліп,
Тер сасыған тарланбоздың сулығы-ай,
«Қара қазан, сары баладан» безініп,
Қу дала неғып жүрміз, қу құдай!

НАЙЗАГЕР

Шаһи озып қатардан,
Шатақ шайыр атанған.
Байыбына бара бер
Байботадан бата алған.

Мен бозбала, ол аға,
Жыр оқымай бола ма?
Сыннан өтіп жоғары
Сыпырылды томаға...

Ұлы дала ұлымыз,
Тұраны да, Сыры – біз.
Іңкәрдария үніміз.
Қызылқұм мен Қарақұм –
Ыстық содан жырымыз!

Өрлігіңмен толқыттың,
Өзіңді өркез зор тұттым.
Абызысың Алаштың
Қобызысың Қорқыттың!

Бойлап ойдың тереңін,
Маржан сүзген еренім.
Сұлу жырдың сұрапыл
Сахабасы сен едің!

Ақындарға шын міндет,
Арғымақты міндің көп.
Көнбейтін ең ешкімге
Тұрсыныңа тұрдың тек.

Ауыруды ұмыт шын,
Сөйле, жұртың
жыр ұқсын.
Жер тарпыған жігермен
Жетпісте емес – жігітсің.

Өр сөзі алтын, зор,
мығым,
Шығып жатыр томдығың.
Қармақшыда туған ұл
Шортан аулар шоң бүгін.

Айтар сөздің турасын,
Буырқанған бурасың!
Бұйданды үзгін тағы да
Бұйығы жұрт шуласын!

Жырдағы ұлы сапардың
Азабына батар кім?!
Римге бір бармай-ақ,
Гладиатор атандың!

Күллі дүние күрсінсең,
Өртенердей Жырсың
Сен!

Мынау байтақ далаға,
Қалай сыйып жүрсің
Сен?

Сол күндерден
мың елес,
Күрескер жыр – кіл егес!
Ақын-бомба жарылса
Атом бомба түк емес!

Шарлап жүрген алысты,
Найзагерсің намысты.
Байқоңырдан да асырып
Бағындыр енді ғарышты!

**Қазыбек ИСА,
ақын, Қазақстанның
еңбек сіңірген
қайраткері,
Халықаралық
С.Есенин атындағы
сыйлық – “Алтын
Күз” орденінің
Қазақстандағы тұңғыш
иегері.**

Беймәлімге байланған ғұмыры ерен,
Бұны да бір қазақтың мұңы дер ем...
Аза бойын қаза ғып қара жердің,
Шилеуіт сай сыңсиды түніменен...

ШАҚЫРУ

Өрпі,
дәрпі орасан,
Күнде көрем «Қазақстан», «Хабардан».
Дархан достың балконынан қарасам,
Уысыма толғандайсың, Ақ Ордам!

Жыл құрғатпай жолдауларды заулатып,
Зығырымды қайнаттың-ау, әй, тегі.
Алақанда өрлі-берлі аунатып,
Салмағыңды өлшеп көрсем қайтеді?

«Кеңістікте кеңес құрып келелі,
Кеудеңізге көрікті ойды түнетем».
Терезеден айқайлағым келеді,
Мені көріп тұрсың ба, деп, Нұркем?

Өмір сүрсек жаңаша,
Басымызға қонбас па еді дара бақ.
Оқағарсыз,
Оқшау топсыз,
Оңаша -
Қайтайықшы Қазақстанды аралап.

Билік қуған бала-шағаң деген не?..
Құр әншейін аяғыңа оралғы.
Барайықшы Бақанасқа, Кегенге,
Көрейікші Өскеменді, Оралды.

Көбейе ме – қозы-құлын, боталап,
Ерке алашты екі мәрте ексек те?
Жылайықшы жер бауырлап жата қап,
Құлайықшы көк шөпке.

Алматыда шыға салып саунадан,
Ақмешітте сәл тыныстап алсақ бір...
Шығыны көп,
шығымы жоқ шаруадан,
Қазақстан, әрине, аздап шаршап тұр!

Құлқынымыз жемқорлыққа байланды...
Күнәмізді жинап жүрміз етектеп...
«...Қыл суырган...» қағынғырлар қайда
өлгі?..
Сотқа апарам деп едіңіз жетектеп!

Елбасым-ай!
Біткен менің бағыма!
...Алашыңның ауқатына алаң боп,
Шымқалада шиырқтыңыз тағы да,
Шенділердің «басын жұлып алам!» деп.

Жаңаөзенде,
найза ұшында ұшынып,
Халқың жатыр «хантаалапай» қарсаңда.
Абылайдай...
атыңыздан түсіріп,
Жұртыңызға жаяу алып барсам ба?

Ата-Дала, Ана-Тау,
Неге бізге назаланып, тұр кейіп?
Астанада -
«аузы-мұрны жоқ отау»...
Жарып алып жүрмейік!

Айналаңның бәрі-туыс!
Бөтен жоқ!
Бұл қазақты жаратты Алла кең қылып!
Ең болмаса,
«елім тыныш екен» деп,
Қайтасыз ғой өзіңізді сендіріп...
...Шығайықшы сыртқа, аға...

ШІРКЕУ * (пунктир)

Ей, ғайыптың мірі атқыр,
Қоңыраулар күңгіріне құлақ тұр.
Шырайына шіркеу түсіп абайсыз,
Шіркеулерде –
иконалар жылап тұр!

Бояу емес қадымғы,
Резус-фактор:
адам қаны кәдімгі,
Ақылыңнан адастырып әп сәтте,
Жуып-шайған жадыңды.

Ауа неткен тымырсық.
Кірпігімнен төгіледі түн ыршып.
Кезек-кезек зорлап кеткен арудай,
Ежелгі,
ерке Русь жатыр ыңырсып.

Ұқсас үні,
мінезі,
Тұстас тіпті қалалары,
кінәзі.
Бүтін алған бөтекесін бауырдың
...Кім өзі?

Владимир...
Володимир...
Қарашы,
Тұрмас па еді тел қозыдай жарасып?
Дүрбі салып,
дрон шалып сөйлескен,
Неге қашық екі әріптің арасы?

Ағайынға арам жерді басқызып,
Қор қылдың-ау,
абыройын ашқызып –
Арғы беттің ала тулы арсызы,
Бергі беттің қара тулы қассызы!

Арамызда адалдық бар ғасырлық,
Адалдықтың дәргейіне бас ұрдық!
Жаманатқа қалай қиям сені мен,
«Алтын Ордам» ізіндегі асыл жұрт.

Кімге керек керіп-созған құр кеуде?
Қам бола ма ол қылмысыңды бүркеуге!
...Сабыр тілеп ұлдарына Исаның,
Құран оқып отырамын...
Шіркеуде!
(Шіркеу* - көңілге түскен дақ, кірбің).

АРЫС

(психологиялық-параллельдік памфлет)

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Оңтүстіктің тумасы Нұрлыбек Әбдікәрімов «Жапония жансызы» деген жаламен 1937 жылы атылды.

Мен туған – 1956 жылы толық ақталды. Әкім бауырым Нұрлыбек 1976 жылы дүниеге келді.

«Жапандағы жалғыз үй» романы атақты жазушы Сәкен Жүнісовтің тарихи туындысы. Бұл шығарма әкім Нұрлыбек пен ақын Әбдікәрімовтің жазықсыз жазаланған туған-туыстарына арналады.

Заман еді ол – жау көретін жақынды, Арыз жазып, алатынсың ақынды. Ақтөбенің түрмесінде «Үштіктің» Үкімімен: ... Әбдікәрімов атылды! Хатшылықпен шықса-дағы жақсы аты, Қонышына жасырыпты көк сапы. Жапондардың жансызы екен, Ойылды Осақаға қосу бопты мақсаты. Сөгундардың салт-санасын сақтапты... «Шығыстағы шыңымыз!» деп оттапты... Самурайдай сертшіл екен сұмырай... Сырт жақтағы сыбайласын сатпапты... Сайтан алғыр, сойы – бөтен, ойы – жым, Ойы-жымды отқа қақтап, жой ізін! Жарым түнде жиналыпты жорыққа, Жоймақ болып «Транс-Сібір» пойызын. Бетперде ғып бөлшебектік мансапты, Бабасының бағзы күнін аңсапты. Жапондардың жансызы емей, немене, «Жаңғыртайық жапанды!» деп шаршапты. Бұл қазақтың төресі мен төбесі, Жалғыз сөзге шатылады неге осы?! (Кештеу туып аман қапты ажалдан, «Жапандағы жалғыз үйдің» егесі.) - Әбдікәрімов! Қылмысыңды мойында! Оңтүстіктен не үшін келдің Ойылға?... Жертезек боп жатыр дейді жайсаңдар, Қобда – Қиыл, Жем – Сағыздың бойында. Жендеттер-ай!... Жексұрын бір іс қылды, Жемтік көрген аждаһадай ысқырды. Өкпесінен өкшесімен тепкілеп, Өтін жарып, өңешінен құстырды! Көкірегін тесіп-жарып кек сұғы, Былапыттың бес жүз түрін естіді. Адам болып туғанына... қарғанып, Табанда өліп кетпегенге... өксіді. Тас қабырға. Қарақошқыл қан басқан. Қас-қағымда алуан сұмдық алмасқан. «Муссолини фашизмі»... Осылай – Ақтөбенің түрмесінде жалғасқан! ...Сұқсыр тарих суық жүзін бұрғанда, Мен, өзім де, айналыппын құрбанға. Алдына сап айдап кетті Айғақтар, Қанатымен қар сапырған жылдарға.	
--	--

«...Әбдікәрімов, қылмысыңды мойында!
Маусым айы неге келдің Ойылға?
«Құныкерім қайдасың?!» деп қалшылдап,
Қағыныпсың мілітсаның тойында».

Есінде ме қан иісіне кайф кезің?
Өңменімнен өтіп кетті тәйт – сөзің.
Мойындайын... мойындайын...
Ал сонда:
Нені?...
Қалай?... мойындайын айтшы өзің!

Намысың жоқ,
шабысың көп,
нәтің – боқ,
Көкейіңді керейінші жақын кеп.
Фамилиямды...
фәни мәңгі ұмытпас,
Екінші рет өлтіруге хақың жоқ!

Айтар болсам, арманымды ақтарып,
Қыдыр қонып, бақ дарып,
Алды-артымда Нұрлыбектей бауыр бар,
Ақ құрсақтан туғандармыз ақталып!

Көштің жолын күнікейге бұрармыз!
Жекен-жұрттың жел бетінде тұрармыз!
Аман жүрсек,
атың-затыңды арқалап,
Біраз жерге апаратын шығармыз!...
...Риза бол, Әбдікәрімов Нұрлыбек...

БАҚ БЕРГЕН

(аға портреті)

Түстегендей төңірдің сүгіретін,
Сен емес пе ең -
сыйынған құдыретім?

БІЗДЕ АРМАН ЖОҚ, БАУЫРЫМ!

Шаһизада ӘБДІКӘРІМОВКЕ

(Ақ өлең)

... Екі тарлан бөрі едік.
Махамбет.

I
Екеуіміз екі тарлан бөрі едік...
“Бөрі арығын білдірмес” деп,
қаймананың көзінше жүнімізді жықпадық,
жұбымызды жазбадық.
Соңымыздан ерген бөлтіріктерді
баулып,
ауыздандырып,
екі өзүн қан қылып,
арлан етіп кере қарыс азуы,
арландардың арасынан ал бірін
абадан ғып асырадық айбынды.
Аз емес ек,
көп емес ек,
сонда да
біріміздің ізімізді біріміз
басып,
шықтық жорыққа!
Бізде арман жоқ, бауырым!

Екеуміз екі тарлан бөрі едік...
мені атты мерген сені көздеген,
сені атты мерген мені көздеген.
Қатыгездер құрған қара қақпаннан
аман өттік,
бізде арман жоқ, бауырым!

Алты қырдың астынан
жонын көрсе екі тарлан бөрінің,
құты қашып,
қыңсылап,
ит құйрығын қысатұғын арасына бұтының.
Бөрі болмай,
ит боп тусақ қайтер ек.
Таңымыздан тартты талай желігіп
лақтырылған сүйек мүжіп,
быламыққа бұлғанған,
жегенге мәз,
тойғанға мәз,
қарғылы
“бөрібасар” бәйтөбеті қазақтың.
Байғұстарды бөрібір

Көлеңкеңде көрем дейді қызықты,
Ойланбай-ақ өлем дейді
сен өлсең!»

Оңашада қалам кейде
күйреп мен,
Айналғандай тілсіз,
мұңсыз тұнжырға.
Ақындарды ауыздықсыз
үйреткен,
Мұндай қатын тумайды енді
мың жылда!

Сұхбан Алла, келді дейді уақытың,
Зуылдай бер,
жолға түсіп жап-жаңа!
Маужырамай...
мың жыл күткен
уақытын,
Өзің де осал
емессің-ау,
Шаһзада!



Әкімияттың тұғырынан*
Көзді алдайды қайым
шағың:
Жардай атан жұмырынан
Жұқпай өткен жайын
шаһым.

Күйреген соң нар қамысы,
Ырылдайды ыңыранып,
Сырдың соңғы
жолбарысы
Көкірегіме кіріп
алып.

Мен де отырмын
ыңыранып,
Өшкен үміт. Өлі маңай...
Қусам ба екен құрық алып,
«Көксарайды» бері қарай...

Алтын басың дауға қалып,
Ағайынның арасында,
Ай астында аунап ағып,
Аңызға...
ұзап барасың ба?

*** Балыққа орнатылған обелиск.**

АУЛАДАҒЫ ГҮЛДЕР

Ауладағы гүлдер бүгін көңілсіз...
Аяқасты жеткені ме қоңыр күз?
Жаһаннамның жақын алған деміндей,
Жапырағын жалап өткен жеңіл сыз.

«Байтал түгіл, бас қайғы»,
Ғұмыры енді екі аптадан аспайды.
«ЖКХ»-ыңыз орнын сыптай сыпырып,
Сыртқа апарып өртейді де тастайды!

Уысыңа ілінбей,
Уақыт шіркін өтіп жатыр білінбей.
Бозарады Сарыарқаның аспаны,
Крематорий күліндей.

Келер қыстың кәрі бұл,
Кейін кебін киінеді сары қыр.
Гүл өсті ме,
үні өшті ме бұл маңда,
Тірлік қуған тұрғындарға бөрібір.

Ауладағы гүлдер бүгін неге үнсіз?...
Жүрегімді жалап өтті жеңіл сыз.
Алмағайып ашуына мінетін,
Астананың ауа-райы сенімсіз.

Оңашада оғаш ойлар тергейді,
Жазмыш солай!
Көнбе мейлі, көн мейлі:
Өлу үшін келеді адам өмірге,
Бірақ оған...
ЖАН БАЛАСЫ СЕНБЕЙДІ!

...Неге сенсін...
«сенбейді» деп даулама,
Ақиқаттың ауанынан аунама.
Келесі жыл,
жапырағы түп-түгел,
Осы гүлдер тұрады өсіп аулада!

КОРОНАВИРУС

Өмірден түңілдіріп,
Көшеге терезеден үңілдіріп,
Сыйғызып қауызына жібергені-ай,
Кигізіп ауызыма тұмылдырық.

Аяжан хал сұраса машық тілмен,
«Жақсы...» деп күбірлеймін жасық түрмен.
Мен де бір диссидентпін!
Сауға сұрап,
Шетелдік елшілікке қашып кірген.

Сайтан ой ісіндіріп ішкі үрейді,
Кеудеңнен шыбын жаның ұшты дейді...
Жасымнан ит пен ине... жауым еді,
Жонымнан, ой, армансыз піскілейді.

Біресе, есім құрып...
есім кіріп,
Төсекте тулаймын кеп төсімді ұрып.
«Мың бір түн» мекеніне ап қашардай,
Тәжтажал тыржалаңаш шешіндіріп.

Қолатқа күн құлады,
таяды іңір,
Нәубеттің немен бітер аяғы бұл?
Тұрқың мен күлкің кетіп, мүлкің қалар,
Нейтрон бомбасы ма баяғы бір?

Ұмтылса, «ұйықтайық!» деп бойдағы асқын,
Ұстатпай қырға қаштым, ойға қаштым.
Осыдан...
осы арадан аман шықсам,
Ажалмен ашынамдай ойнамаспын!



Акмешіт Акшамы

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Ес пен түстің арасында таңның қалай атқанын білмеймін. Бірнеше рет, ұйықтап емес, есім ауып, талықсып бара жатқанымды аңдадым. Көкпекті бытырлата жұлып, ащы бүрлерін шайнағам. Жан серігім жалғыз атым, қандай қиында да тік тұрып тыныстайтын жануар, боз татырға баурын басып, төрт аяқтап жатыр. Таңертең тұра ала ма, тұра алмай ма - менің бар тірлігім соған байланысты. Таң бозында атып тұрды. Дүр сілкінді. Соншама ширақ. Қуатты. Аузын ашып есінеп, тісін қайзады. Маған қарап оқыранғандай болды. Көмейінен күмбір емес, тұншығыңқы қырыл сияқты дыбыс шықты. Мүмкін, қорқыраған - ат емес, менің өзім шығармын. Шөкелеген қалпымда, көкпек шайнап, таң атқанша отырдым. Таң аппақ атқан соң орнымнан тұрып, төңірекке қарадым. Сол жақта боз тақыр көрінеді. Тақыр болғанда, қылтанақсыз, теп-тегіс өлі тақыр. Өлі дейтінім, мұндай тақырлардың көбінің ортасы ойыс келетін де, көктемде қақ тұратын. Кейбір бай тақырлардың ойпаңы кішігірім көлшікке паралап, тіпті, жаз ауағанша құрымас тіршілік ұйтықсы болар еді. Ал мынау - аспаннан топан құйса да тамшы іркілмес тұл тақыр. Оң жағым - шұбартқан сұрғылт жон - итсигек пен жантақтан басқа қылтанақ жоқ жетім дала. Алда да, артта да таныс белгі көрінбейді. Жан баспаған, құс ұшпаған тұлдырсыз иенде -безірейген Бетпақтың қақ ортасында тұрмын. Қайда барам? Жақсы білем. Түстікте Шу - қос аттыға үш қонақтық жер. Терістікте, өрине, Сары-Арқа... - мүмкін бір апта, мүмкін бір ай... Тек алда... алда ғана үміт сәулесі бар. Тұра батысқа қарай тарта берсем, сөз жоқ, ұзын аққан Сарысуға шығам. Бірақ қашан? Ертең кешке анық. Асса арғы күні! Ертеңгі айтасың, арғы күнді айтасың, бүгінгі кешке жету-жетпеуім неғайбыл сияқты. Бірақ амал жоқ - жылжып кеттік.

Мен шөлді ұмытқалы қашан. Апта бойы су ішпесем қыңқ етпейтін халдемім. Түгел кепкен. Терім сүйегіме кел болып жабысқанға дейін шыдауым мүмкін. Осылай ойлаудың өзі қызық еді. Күлкім келді. Күлгем жоқ. Жүрегім суып кетті. Астымдағы атты ойлағам. Боранға да, дауылға да шыдайтын қазақемнің қайран қазанаты - шөлге де болмай келеді. Бірақ кез келген сәтте ұшуы мүмкін деген ой менің көңілімді үрейге толтырды. Осы кезде төңірегім түгел түрлі түсті суретке тола бастады. Сұрғылт Бетпақ емес, көк-жасыл жазыра. Қора-қора қой, үйір-үйір жылқы. Шоқ терек, саялы тоғай. Көз жетер жер шалқынған көл. Көл де жоқ, мал да, қалың ағаш та жоқ. Көл дегенім - боз тақыр, қоралы қойым - беткейдегі бортылдақ қара жусан, үйір-үйір жылқы, ен тоғай - кейде бытырай, кейде ұйып өскен итсигек пен жантақ, теріскен. Солай екені анық. Бірақ көз алдымнан мал да, көл де кетпей қойды. Аттан түстік. Тоқтамадық. Тоқтасақ, сол арада қаламыз. Жетектеп, жаю жүрдім. Табаным жерге тимей, шауып келем. Астымдағы атты арқапал алғам. Жарты жалғанды, Бетпақтың бір өңірін тұтасымен, тулақ терідей ойып кесіп алып, арқапал келем. Әуелде жеңіл еді, қадам басқан сайын ауырлай берді. Сәскеге таман бұдан ары көтеріп жүре алмай өлім құрып жығылдым. Шылбыр қолымда, қоя берсем де жирен айғыр мені тастап, ешқайда кетпес еді, бірақ шылбыр - мені тіршілікпен жалғастырган жалғыз жіптік - сол шылбырды білегіме орап, ащы қара жусанға тұмсығымды тығып, солығымды баса алмай, етпеттей сұлап ұзақ арттым. Сұлап жатып оялайды. Менің арғы бабаларым - көне түріктер өлгенде атымен қоса көміледі екен, егер осы арада жан тәсілім қылсам, ең соңғы серігім болған жирен айғырмен бірге қалмақпын, осы оймен шылбырды беліме орай байладым, қалжаураған, аңқаған, бірақ төрт аяғын тең басып тұрған тұлпарымның астына, салқын көлеңкеге қарай жылжып жаттым. Ұйықтадым ба, талықсыдым ба, есеңгі-редім бе - білмеймін, бір кезде қарасам, атымды жетектеп, ауыр аяңдап, әуелгі кескен бағытыммен күн астына қарай маңып келеді екем. Екінтіден асыпты.

Омыраудан қоңыр-жай, барқыт жел есіп тұр. Бой жазып, қабағымды әрең көтеріп, қиыр батысқа көз салдым. Қарсы алдымнан тіршілік белгісі - өзгеше сурет сызылған. Жақындаған сайын айқындала берді. Жал-жал құм, құм төбелердің басында шоқ-шоқ жыңғыл; шағылдардың ара-арасында, етегінде қалың сексеуіл. Өлбетте, елес. Өлбетте, дәйексіз сағым. Бірақ шын болып шықты. Құм да, тоғай да. Тек су ғана жоқ. Атты етекке тастап, төбесінде екі шоқ жыңғыл өскен жалаңаш шағылдың ба-сына көтерілдім. Өрине, өліп-талып, еңбектей жығылып, естен айрылып. Шың басынан алға - батар күннің астына қарап едім, бергі беті қарауыта көлеңкеленіп, төбесі

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

қызыл жалқындана құбылған, иін тірескен, шетсіз-шексіз барқандардан басқа ештеңе көрінбеді. Көрінуге тиіс емес-ті. Мен өз өмірімнің шегіне жетіппін.

Ештеңе де ойлағам жоқ. Тіпті, балам мен әйелімді де. Сорлы өкемді де. Көңілде аяушылық та, өкініш те қалмаған. Өлімге біржола бет қойдым. Өткенді таразыладым ба -білмеймін, бірақ дәл сол сәтте бақытсыз емес едім. Кесімді күнімнен әлдеқайда көп ғұмыр кешіппін. Каторға көргем жоқ, Қорлыққа, мазарқа ұшырағам жоқ. Отыздың тұра уысуіне - Исус Христостың жасына жетіппін. Бақыттымын. Тек иман айту ғана қалды. Бірақ... мен қай діндемің? Арғы атам, сірә, мәжуси болған, түп нағашым мұсылман, бергі аталарым түгел Христос пен патшаға адал қызмет атқарды, ал мен сүндетке отырмасам да, көләм шарифты таза жүрегіммен қабылдаған пайғамбар үмбетімін. Әйткенмен, ең соңғы тәсілім сәтінде қмын екен. Шаранамнан шықпай шоқынғаным рас қой. Шоқынғам жоқ, шоқындырған. Санасыз себі кезімде. Ал саналы азамат шағымда ешкім күштемей-ақ ислам жолын таңдадым. Мұсылманмын! Сонда... о дүниеде туған анаммен, бабаларымның неше әулетімен жүздеспей кеткенім бе?.. Екінші қайтара, жоқ, осымен нешінің мәрте діннен безу тағы әбес... Опасыздық. Ендеше... Қиын екен. Шешінбей тағы болмайды. Айса мен Мұхамедтің қайсысын ауызға алуым керек? Таптым! Екеуін де. Өйткені, құдай біреу. Қалай аталса да, жаратушы - хақ. Осыған тоқтадым. Өте жеңіл болды. “Отче наш” пен “Фатиханың” қайсысын айтқаным есімде жоқ. Мүмкін, ешқайсысын да айтпаған шығармын. Мүмкін, құдай туралы, өткен өмір, қу далада қалмақ мүрде туралы кейін ғана ойланған шығармын. Білмеймін. Бірақ дәл сол сәтте өмірмен өкінішсіз қоштасқаным, тәубама келіп, тіршілік мәнін түйсінгенім күмәнсіз.

Мүрде демекші, етекке түскен жан. Етекке түсемем, арада бірер сағат өтпей-ақ денемді сусыма құм жасырар еді, көмусіз қалмас едім. Әйтсе де мен биікте өлігім келді. Жарық күнмен, кең дүниемен төбе басында отырып қоштасқан абзал. Бірақ қоштаса алмадым. Күннің қай уақытта батқанын білмеймін. Талықсып кетсем керек. Мүмкін, бір емес, әлденеше рет өліп барып қайтқан шығармын. Жер қараңғы - тұңғыық түнек. Аспан жарық - жұлдыздар жап-жақын, самаладай. Қайтадан тұманға баттым. Тағы да өлмеппін. Өлмегенім - түс көрдім. Кешегі түстің жалғасы. Екі қапталына тірі бастар қатарласа тізілген теп-тегіс жолмен еңбектеп келем. Алда - көз ұшында сағымға ілінген су бар. Жету керек. Көкке өрлеу керек... Басым зіп қорғасын. Аяғым темір батпан. Әрең көтерім. Азаппен жылжымын. “Стамбек!” - деген айқай естілді дүңгірлеп. Өкемнің даусы. Тірі бастардан қаланған бөгесіннің ар жағында тұр. Көктеңбіл айғырға алшия минген. “Стамбек! Қайдасың?..” Мен көзімді ашып алдым. Тып-тыныш. Кенет Көктеңбіл айғырдың кісінеген даусы құлағыма жетті. Арқырай оқыранып, қайта кісінеді. Оған тағы бір ат үн қосты. “Стамбек!” “А-а-а...” Дыбысым жылжады. Айқай - анық, кісінеу - рас, бірақ мен үн бере алмадым. Келер мезетте қайтадан түнекке баттым.

Көзімді ашсам, өкемнің тәсінеме басымды сүйеп, жұмсақ құм үстінде жатыр екем. Көгілдір жарық. «Иә, Алла, бергеніңе тәуба! Қозғалма, құлыным! Мен бармын. Бәрі дурыс... Ақырын... су мол. Түйіліп қаласың, Елтеп іш...» “Көкбесті...” - дедім мен аузыма сыздықтай құйылған суды құныға жұтып жатып. «Иә, қалқам... Ештеңе ойлама...» «Жиренқасқа айғыр... шөлдеді...» «Қайырымен болсын, жауға кеткен мың жылқының төлеуі - құт әкелетін мал

екен. Оған да аздап су бердім жаңа, сен талықсып кеткенде... Су көп. Қатарынан екі торсықты толтырып алып шыққам...»

Зағираш айтады. Үшінші күні (бұл - мен Сорбұлақтан бері оралған, жолдан жаңылған алғашқы кеш) қызың дөнбекшіп ұйықтай алмай қойды. Қайта-қайта оянады. Е-е, жолаушының қамшысы тиіп жатыр ғой деп ойлағанмен, көңілім тыншымады. Атам да ауық-ауық күрсініп, сыртқа шыққыштап кетті. Таң атты. Өлі оралар мезгілі болған жоқ деп жұбатып қояды мені. Түске таман ат ерттеп, құнан шаптырым жерге дейін оңды-солды төңіректі шалып қайтты. Кешпен бірге уайым, қайғы келді. Қу шөп, тікенек бұта жинап, үйдегі бар тезекті қосып, лаулатып от жақтық. Көз ілгіміз жоқ. Таң бозында атам әбден бекініп, қайраттанды. Асығыс ат ерттеді. Қосарға көк айғырды алды: “Бұлақ басында тосқауылға ұшырамаса, адасып кетті” дейді. “Келер мезгілі жаңа болды ғой, сәскеде көрініп қалар”, - деймін, атамның іздеуге шығуын көңілім қалап тұрса да. “Онда бірге қайтамыз”, - деп, аттарын сугарып, көктеңбіл айғырдың беліне екі торсықты

да қас қылмайды жолдасына!» - деген өлеңі бар қазақтың. Қоныстас, табақтас жолдас түгілі, қаны бір туыстың өзі жау шықты. Сонда тапқан пайдасы бар ма? Жоқ. Қорқаудың бір сәттік қана қуанышы. Таладым, мұқаттым, жойдым деген. Келесі кезекте таланатын, мұқалатын, жойылатын өзі екенін білмейді. Оған ақылы жетпейді. Ал басына іс түскен кезде қайта айналар жол жоқ - жаншылады да қалады.

Бір кездегі орыс ұлы, социал-революционер, қанішер террорист, болмай қалған тарихшы, жетпей қалған юрист Станислав Юрьевич В. кейінгі мың жылқылы мырза Стамбек Сыпатайұлы, қазіргі қандықол қашқын, жапан түзді мекендеген Сары қазақ осы сапардан соң тәңірі алдындағы, табиғат алдын-дағы өзінің дәрменсіздігін біржола мойындады, тәубаға келді. Ал қоғам, заман ағымы ше? Ол да құдай ісі екен. Бір күнде болған, бір күнде шыққан пәлекет емес. Бұдан үш жүз жыл бұрын, Смута дәуірінен басталған. Содан бері бір толастамаған. Құз жартас, меңіреу шың астында әлденеше мың градус қызумен қайнап, булыға қыс-тығып жата берген. Халықшылмыз,

жиырма шақты. Суланып, отығып, қалыпқа түскен Жиренқасқа айғырға шағын үйір бөліп бердік. Көктеңбілдің өз баурынан шыққан билы қысыр қалған төрт-бес байтал мен саяқ құнан, дөнен. Алғашқы күндерде үйірге таласар деп, екі айғырды екі жаққа айдап, қарауылдап отырдық. Құдайдың қу даласында қашанғы күзетесің, төрт-бес күннен соң қосылып кеткенін, оқшаулау болса да қанаттас жүргенін көрдік. Мына тар заманда, енші айырмас иенде мал екеш малдың өзі соғыс емес, бітім іздепті, бірін-бірі қара тартыпты. Жылқы жайын жақсы білетін көкем қатты қуанды. Енді жиырма жыл тұрсақ та тұқым азбайды, екі айғырдың ұрпағы өзара будандасып, есіп-өніп көбейе береді, дәмнен тарықпаймыз дейді. Шіркін, отыз шақты қой болса ғой дейді. Бар қажетіміз түгенделер еді. Жиырма жыл деген сөзге мен күлдім де қойдым. Қазір алпыс бестегі әкем сексеннің бесеуіне келеді екен. Мен елуден жаңа асам. Несі бар. Робинзон Крузо елсіз аралда жиырма сегіз жыл тұрған ғой. Жиырма сегіз жыл бойы көкжиектен қашан кеме көрінеді деп, жағалауды күзеткен. Біздің елге асығар, қуаныш хабаршысын күтер жөніміз жоқ. Көкжиектен біреу-міреу көрінсе, тек қана бақытсыздық әкелмек. Соған орай қаруымыз да сай еді. Тұтас бір әскер келмесе, он бес-жиырма адамнан құралған жазалаушы отрядтың атқанын атып, қалғанын шөлден қатырып, жеңіп аларымызға күмән жоқ. Біздің Зағираның өзі мерген болып шыққан. Ал Жансалқам оқ жеткізуге, су тасуға жарайды. Қызық болар еді. Өрине, қызық емес. Бетін ары қылсын.

Жиырма жыл болмайды, өрине, екі-үш жыл бой тасалау қажетіне көз жеткен. Қазір күн жылы, көктем жаңа шыққан, алда ұзақ жаз бар, бірақ біз қыс қамына кірістік. Көлқайнар құдығымызды Жетіқоңырдың құмынан арнап әкелген сексеуіл бұталарымен төбесінен түбіне дейін мұқият шегендеді. Құдық басынан арқан бойы жерден үй салуға - дәлірек айтсақ, жеркеле қазуға кірістік. Өкем: “Ойпыр-ай, енді қарсақ, суырдың көбіне түсетін болғанмыз ба...” деп, әуелде тіксінгенімен, ұқтыра келе мақұл көрді. Құдық қазудан тауанымыз шағылған, әйтсе де тәжірибе алып, машығып қалыппын. Шамасын белгілеп, сол күні-ақ кірісіп кеттім. Өлде еріккеннен, өлде қызықаннан, анауымынау емес, тұра үш бөлменің іргесін шаптым. Ортаңғы - ас үй, түбінде өзара қабырғалас екі қоржын отау бар. Қаза бастағанда Зағира Біздің ойға келмеген бір ақып тапқан. Су құйып жібіту. Мен су шығындағаннан гөрі жан қинағанды тәуір көріп едім, әкей келінін мақұлдады. Су мол, қанша құйсаң да жетеді деген. Құдық түбіндегі судың молы рас, күн сайын ертемен қауға тартып, мал суарғанда өзім де көріп жүрмін, жөппелдем жиырма бес-отыз шелек алғанда қыл арқан белгіленген түйіннен сынық сүйем төмен түседі де, бірер сағатта қайтадан қалпына келеді, бірақ дүниеде кенеусіз нәрсе жоқ, шелектеп болса да айлар бойы, жыл бойы үздіксіз шығындаған соң, құйылып жатқан қоры сарқылмасына кім кепіл. Қабырға сор тартып, немесе жарылып кетеді деген сылтаумен суйымды сақтап қалдым. Құдық қазған кездегі Гамлет лепесінің (сірә, Шекспирдің Гамлетінің: “Боламыз ба, өлде тозымыз ба!” деген сөзі туралы айтып отырса керек. - М.) ызығырығы жоқ. Асықпай, салмақпен, сілтей ұрып, қайта шабуға кірісіп кеттім. Топырақ тартатын терең құдық емес, өкемді жұмысқа араластырмадым. Онсыз да шаруасы жеткілікті. Бір заманда ши сындырып көрмеген Сыпатай мырза желі басын қадағалайды, сауын кезінде құлындарды ұстап тұрады, қырға шығып жылқы көздейді, ұзақырап жалылатын түйелерді қайырып қояды. Менің ісім қалыпқа көшкен соң, таяу маңнан атыс-шабыс, қуғын-сүргін келе қоймасына көз жеткен кезде жақын төңірек оты тозып, қылтанақсыз қалмас үшін малды ұзатып, өзі жайып қайтатын болды. Өрине, ауылда аяқ артар көлік қалады. Бірақ ақсақал қайратты еді, тың еді, қауіп сырттан ғана келмек. Әйтсе де мылтық алудан бас тартатын.

Астан тарықамыз жоқ. Қыстан, көктемнен қалған сұр бар. Ақ мол. Қымыз, саумал. Сонда да бірдеңе жетіспейтін тәрізді. Мен он бес жылдан бері анда-санда ғана үзіп тататын, мүлде жоқтамайтын нан емес. Құрт-май, ірімшік, қатық деген сияқты дәмдер. Жылқы сүті ірімейді екен. Оның үстіне қымыз ішіп жүріп қымыз сағындым. Сары Арқаның, Сарысудың үйірілген, қою сары қымызын. Бетпақтың шөбі бетен, бие сүті сұйық өрі көгілжім түсті. Әкей ас жеткілікті болса да, менің қарбытып тоя алмай жүргенімді андаса керек, қоныс іргесі түгел белгіленіп, үш бөлме қабатынан ойылып, ортанғы үй тізеден төмен түскенде тағы бір жылқы сойды. Менің сараңдығым ұстап еді, “Балам, Қарынбайдың заманы өтті, бәрібір байымымыз”, деп ризашылықпен күлген де, шаруасын өзі жасаған. Дененің төрт аяғын ілгішті матап, жалғыз өзі-ақ жығып салды, бата жасады да, келініне басын тартқызып қойып, бір-ақ орып қорқырата бауыздап, терісін сыпыруға кірісті. Жаным түгел дейді. Бес бие құлындады. Жаудан түсіріп, бір өзі он ата татитын жирен айғырды тағы өкелдің. Бұйыртып жегізсін. Құдай тыныштығын берсін.

(Жалғасы бар)

"Ақшамның" асханасы

Көшпелі қазақ үшін ет — қорек көзі ғана емес, тұрмыс-тіршіліктің өзегіне айналған маңызды тағам. Жиын-тойда, дүбірлі ас берілгенде табақ-табақ ет тартылатын. Құрметті қонаққа арнайы мал сойылатын. Тіпті төрт түліктің өзін маусымдық ерекшелікке орай сойысқа жарататын. Қазіргі тоңазытқыш пен өзге де технологиялар жоқ заманда, әсіресе аптап ыстықта, көшпенді халық етті қалай бұзбай сақтады? Етті сүрлеу, ыстау мен сақтаудың дәстүрлі әдістері туралы этнограф Досымбек Қатыран әңгімелейді.

ЕЖЕЛДЕ ЕТТІ ҚАЛАЙ САҚТАҒАН?

Мыңжылдықтар қойнауынан жеткен тағам дәстүрлеріне шолу

СИЫР НЕГЕ «СУЫҚ РАЙЛЫ ЖАНУАР»?

Қазақтың ежелден келе жатқан ас-тағам мәдениетінде жылқы мен қой еті аса жоғары бағаланады. Жіі тұтынып қана қоймай, қонақ күткенде, үйлену тойларында немесе ас бергенде еттің осы түрлеріне басымдық береді. Алайда ежелгі түріктерден келе жатқан халықтық медицинада сақталған бір дәстүр — қолдағы мал-жануар жаратылысына қарай «ыстық жөне



суық райлы» деп бөлінген. Халық дүниетанымы бойынша осы төрт түліктің ішінде ыстық райлысы — жылқы мен қой, салқын (суық) райлысы — сиыр, түйе және ешкі. Тиісінше, жыл мезгілдеріне сай ыстық кезде салқынқанды мал етін, суық кезде ыстыққанды мал етін тұтынған. Бұл ұстаным әлі де қолданыста бар. Ыстық райлы мал етін өте жоғары бағалап, «жұғымды, нәрлі болады» деп есептеген. Суық райлы малдың майы тез қататындықтан, «тағамдық қасиеті төмен» деп санаған.

Қазақтың аспаздық мәдениетінің дамуы көшпелі өмірмен ұдайы қатар жүргендіктен, ұзақ уақыт бойы сақталатын, жиі тұтынғанда жалықтырмай, дәмі мен нәрін сақтайтын, ет пен сүттен жасалатын жартылай дайын өнімдерге аса мән береді. Көшпелі өмір салты қазақ халқының тағам дайындау тәсілдеріне де айтарлықтай әсер етті. Әсіресе жаз мезгілінде ет өнімдерін сақтаудың, бұзып алмай тасымалдаудың соны әдістерін қолданды. Осылайша, жылқы, қой, түйе етінен қақталып сүрленген, тұздалып сүрленген және ысталып пісірілген жартылай дайын өнімдерді әзірлеу тәсілдері дамыды.

Бірақ мал сойғанда маусымдық кезеңге орай төрт түліктің қоң жинайтын уақыты да ескерілетін. Қыс кезінде, әрісі жазғытұрымға дейін малдың арық келіп, төлдеуіне байланысты мал союға болмайтын. Сондықтан осы аралықта тұтынатын азық қорының қамымен қарашаның соңы мен желтоқсанның басында соғымға кіріседі. Ал

қазір тұрмысқа енген тоңазытқыш, мұздатқыш сияқты техниканың арқасында әрі нарықтық экономиканың өркендеуіне сай азық-түлік дүкені сөрелерінде жыл он екі ай сатылатын болды.

БОТАЙЛЫҚТАР ЕТТІ ҚАЛАЙ СҮРЛЕДІ?

Мал сойған кезде еттің бір бөлігін арнайы сақтау үшін дайындайды: тұздайды, сүрлейді, ыстайды. Негізінен, бұл жылқы етіне қатысты болды, себебі дастарқан төріне қойылатын жылы-жұмсақ (қазы, шұжық, жал, жая, қарта) жылқы етінен жасалды. Алайда көшпенділердің өмір салтындағы ет сақтау әдісі тым әріден басталады. Мәселен, Солтүстік Қазақстандағы әйгілі Ботай қонысының тұрғындары жабайы жылқыларды қаумалап аулайтын аңшылықпен айналысқан. Сол қонысты зерттеу барысында етті сақтау үшін тоңазытқыш рөлін атқарған арнайы шұңқырлар табылды.



Ет өнімдерін салқын, күн сәулесі түспейтін, қараңғы жерде сақтап сүрлейді. Бұл еттің ұзақ уақыт бұзылмауына және табиғи дәмін сақтауына септеседі. Ал еліміздің солтүстік өңірінде малдың сүрлеуге жатпайтын бөліктерін (бас, сирақ, екеп-бауыр) ыстаған. Батыс пен оңтүстіктегі қазақтар арасында тұздап сақтау көбірек тараған.

Етті сүрлеп немесе қақтағаннан кейін қапшықтарға салып, әдетте Наурыз мейрамына дейін күн сәулесі түспейтін, жақсы желденетін жерде сақтайтын болған. Күн жылысымен арсадан түсірілген етті көбеже-қапқа салып сақтайтын. Бұл әдіс «ет қаптар» деп аталады. Қапқа салу себебі — көктемге дейін ет мүлде қансып кетуі кетпеуі керек.

Сүр етті асар алдында біраз уақытқа суық суға салып қойып, отын басыңқырап пісірген.



Дастарқанға ұсынатын кезде сүр етті жұкалап турап, түрлі тағам әзірлеуге пайдаланған.

Көшпенділерде жазда етті балғын күйінде тоңазытқышсыз да бір-екі күн сақтайтын әдіс болған. Ол үшін етті мол ылғалданған сүлгіге немесе матаға орап, қыш ыдысқа салып, оны тұздалған су құйылған үлкенірек ыдысқа қойған.

Етті сүрлейтін кезде қалыңдатпай, таспалай кескен. Ет кесектерінің арасына кергіш қойып, кесілген бетіне тұз сепкен. Осылай өңделген етті бірнеше күн бойы түтінмен ыстап, одан кейін кептірген. Ысталған етті көлеңкеге ілген.

Жидебайдағы «Абай музейі мемориалдық кешенінде» көзімізге оттай басылатын, қазақтың ежелден ет өнімдерін қалай сақтағанын көз алдына келтіретін жәдігер бар. Ол — арса ілінетін бағаналар. Мал сойылып, еті мүшеленіп бұзылып болған соң, арсаларға ілініп, дегдітіледі. Егер ыстау керек болса, ортадағы ошаққа ағаш қабығын бықсыта тұтатып, таң асырады. Етті ыстауға көбіне қайың қабығы пайдаланылады.

Етті шыбыннан қорғау үшін үстінде арнайы қорап жасап, оны дөкемен тартып, жапқан. Бұл мүмкін болмаса, етті қайнап жатқан құртқа салып, бірнеше минут бойы ұстап, шығарып алып, көлеңкеге ілген. Піскен әрі сүрленген ет бірнеше күнге дейін бұзылмайтын, әрі мұндай етті ұзақ сапарда қорек ету ыңғайлы болған.

ЕТТІ ҚАРҒА КӨМІП САҚТАУ

Етті қарда сақтау әдісін, негізінен, малшы-бақташылар қолданған. Олар етті сойылған малдың терісіне орап, қарға көмген. Теріге салынған ет қар ері бастағанға дейін балғын қалпында сақталған. Осындай жеңсіз ас көбіне қапыда келіп қалатын жасы үлкен қарттарға, сыйлы адамдарға арнап асылатын. Жерқойманы қар не мұзбен толтыру арқылы да ет өнімдерін ұзақ уақыт сақтайтын әдіс болған. Мұндай азық та қыс бойы құдды бір жаңа сойылғандай сақталатын. Бұл тиімді әдіс болды, себебі жерқоймада төмен температура ұзақ уақыт бірқалыпты сақталатындықтан, мұз бен қар ерімей жата береді. Тіпті етті бұлайша келесі күзге дейін, яғни бір жыл бойы сақтауға да болады.

Суық өңірлерде ет сақтау жеңілдеу болды: көбіне жылқы мен сиыр етінің үлкен кесектерін мұздатып, салқын, желденетін жерге іліп қоятын.

ҰН МЕН СҮТ:

ҰМЫТЫЛҒАН ӘДІСТЕР

Бұрын етті майсыз сүт құйылған ыдысқа салып сақтау әдісі жиі қолданылған. Майсыз сүт тез ашып, етті толығымен жауып, ауа өткізбей тастайтын. Түзілген сүт қышқылы дерт қоздыратын бактериялардың дамуына жол бермейтіндіктен, ет ұзақ уақыт бойы балғын күйінде сақталған.

ЕТТІ САҚТАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Тағамдық құндылығы жоғары, адам ағзасына қажетті ақуыздың, майдың, дәрумендер мен минералдардың маңызды көзі ретінде ет өнімдері қолданылады. Құнарлылығы мен құндылығын жоғары бағалаған қазақтар етті сақтаудың түрлі әдістерін де меңгерген.

Бұрын етті ұзақ сақтау үшін негізінен тұздау, кептіру, ыстау сияқты дәстүрлі әдістер қолданылса, қазіргі кезде бұл тәсілдермен қатар заманауи әдістер, жылдам мұздату, вакуумдық қаптама, өзгертілген газ ортасында қаптау және арнайы сақтау камералары кеңінен пайдаланылады.

ЕТТІ САЛҚЫНДАТУ

Мал сойылғаннан кейін етті мүмкіндігінше тез салқындату керек. Себебі, температура төмендеген кезде микроорганизмдердің дамуы мен еттегі кейбір биохимиялық процестер баяулайды. Осы себепті салқындату етті балғындығын сақтап, оның жарамдылық мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Үй жағдайында ет өнімдерін тоңазытқышта шамамен 4°C немесе одан төмен температурада сақтау керек.

МҰЗДАТУ АРҚЫЛЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ САҚТАУ

Етті ұзақ уақыт сақтау қажет болған жағдайда мұздату әдісі қолданылады. Мұздату кезінде ет құрамындағы су мұзға айналып, микроорганизмдердің белсенділігі айтарлықтай төмендейді. Дегенмен мұздату еттің барлық қасиетін бастапқы қалпында мәңгі сақтайды деген сөз емес. Мұздатқыштағы

температура әдетте -18°C немесе одан төмен деңгейде болады. Ет ұзақ уақыт қауіпсіз сақталғанымен, оның сапасында өзгерістер болуы да мүмкін. Мысалы, етте құрғаған



бөліктер пайда болып, түсі немесе құрылымы өзгеріске түседі. Сондықтан мұздатылған өнімді дұрыс қаптау маңызды.

ВАКУУМДЫҚ ҚАПТАМАМЕН САҚТАУ

Қазіргі ет өндірісіндегі кең таралған технологиялардың бірі – вакуумдық қаптама. Бұл әдісте ет арнайы қаптамаға салынып, оның ішіндегі ауаның негізгі бөлігі шығарылып, пакет жабылады.

Сонымен қатар бұлай сақтау әдісі өнімді сыртқы ластанудан және ылғалдың жоғалуынан қорғауға көмектеседі.

Алайда вакуумдық қаптамадағы

етті бөлме температурасында сақтауға болмайды. Вакуумда оттегінің азаюы микроорганизмдердің көбеюіне бөгет болмайды . Сондықтан вакууммен қапталған ет

ЕТТІ АРНАЙЫ ГАЗ ТОЛТЫРЫЛҒАН ҚАПТАМАДА САҚТАУ

Қазіргі дүкендердегі ет өнімдерінің кейбірі арнайы газ толтырылған қаптамада сатылады. Бұл технология MAP деп те айталды. Бұл әдісте қаптаманың ішіндегі ауа толығымен шығарылып, оның орнына арнайы газ қоспасы енгізіледі. Қолданылатын газдардың қатарына көмірқышқыл газы, азот және кей жағдайда оттегі жатады. Аталған әдіс еттің сыртқы түрін, түсін және сапасын белгілі бір уақыт аралығында сақтауға көмектеседі. MAP технологиясы

қазіргі ет және құс өнімдерін қаптауда кеңінен зерттеліп, қолданылып келеді.

“СУЫҚ ТІЗБЕК” ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі ет өндірісінде өнімді тек қоймада дұрыс сақтау жеткіліксіз. Мал сойылғаннан дүкен сөресіне дейінгі уақытта еттің қажетті температуралық режимі үзілмеуі керек. Осы кезеңдердің бірінде температура белгіленген деңгейден айтарлықтай көтерілсе, өнімнің сапасына кері әсер етуі мүмкін. Бұл кәсіппен айналысатын саудагерлер үшін температураны бақылауға арналған электронды датчиктер мен мониторинг жүйелері қолданылады. Бұл технологиялар өнімнің қандай жағдайда сақталғанын бақылауға мүмкіндік береді.

ЕТТІ ДҰРЫС ҚАПТАУ

Еттің сапасын сақтау үшін қаптама-ның құны да маңызды. Қаптама өнімді сыртқы ластанудан қорғап қана қоймай, оның ылғалын сақтап, ондағы ауа көлемін реттеуі керек.

Қазіргі кезде полиэтилен негізіндегі пленкалар, көпқабатты материалдар, вакуумдық пакеттер және арнайы тағамдық қаптамалар қолданылады. Ұзақ мерзімге мұздатылатын етті қаптағанда ауа өткізгіштігі төмен материалдарды қолдану өнімнің кеуіп кетуінен қорғайды.

СУПЕРСАЛҚЫНДАТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазіргі ет өнеркәсібінде суперсалқындату әдісі де қолданыста. Оның ерекшелігі – өнімнің температурасы мұздату шегіне дейін

жеткізгенімен, ет толықтай мұз болып қатып қалмайды. Бұл салқындатылған және мұздатылған сақтау әдістері арасындағы бір тәсіл деуге де болады.

ТЕЗ МҰЗДАТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Өнеркәсіпте тез мұздату технологиясына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл әдіс етті тез мұздатып, ішінде үлкен мұз түйіршіктерінің пайда болуын азайтуға ықпал етеді. Нәтижесінде, еттің ерігеннен кейінгі сапасын жақсырақ сақтауға мүмкіндік береді. Сақтау мерзімін ұзартумен қатар, өнімнің дәмі, түсі, құрылымы және ылғал ұстау қабілеті барынша сақталады.

ЕРІТУ ПРОЦЕСІ ДЕ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БІР БӨЛІГІ

Етті дұрыс сақтау ғана емес, оны дұрыс еріту де маңызды. Мұздатылған етті бөлме температурасында ұзақ уақыт қалдырмау керек. Қауіпсіз тәсілдердің бірі – етті алдын ала мұздатылған алып, тоңазытқышта біртіндеп еріту.

Еттің бірнеше рет ерітіліп, қайта мұздатылуы оның сапасына кері әсер етуі мүмкін. Мұздату мен еріту барысында еттің жасушалық құрылымында өзгерістер болып, өнімнен сұйықтық бөлінуі мүмкін. Сондықтан етті бір реттік пайдалануға ыңғайлы мөлшерде бөліп мұздату тиімді.

Qalam-nan